

Талғар ауданының мәслихаты

Алматы облысы Талғар аудандық
мәслихатының 2010 жылғы 1
маусымдағы № 32-196 шешімі
және Талғар ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 1 маусымдағы № 06-
381 қаулысы. Алматы облысы
Талғар ауданының Әділет
басқармасында 2010 жылғы 14
маусымда № 2-18-107 тіркелді

Мәслихат Талғарского района

Талғар ауданы елді мекендерінің шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 108 бабының 5 тармағына, “Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 12 бабының 3 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және аудандық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Талғар ауданы елді мекендер жерінің құрамына елді мекендерді кеңейтуге және осыған байланысты қоса беріліп отырған схемалық карталарға сәйкес, төмендегі Талғар аудан елді мекендерінің шекаралары (шегі) мынадай болып өзгертілсін:

Алатау ауылдық округінің елді мекендерінің шекарасына барлығы 7,66 гектар жер аумағы енгізілсін, оның ішінде: Рысқұлов ауылына – 7,66 гектар,

Гүлдала ауылдық округінің елді мекендерінің шекарасына барлығы 3,4 гектар жер аумағы енгізілсін, оның ішінде: Әлмерек ауылына – 3,4 гектар,

Кеңдала ауылдық округінің елді мекендерінің шекарасына барлығы 5,2 гектар жер аумағы енгізілсін, оның ішінде: Кеңдала ауылына – 5,2 гектар,

Көктөбе ауылдық округінің елді мекендерінің шекарасына барлығы 4,76 гектар жер аумағы енгізілсін, оның ішінде: Ақтөбе ауылына – 1,21 гектар, Көлсай ауылына – 3,55 гектар.



2. “Талғар аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі” мемлекеттік мекемесі қосылған жер учаскелеріне белгіленген тәртіппен қала құрылыс құжаттарын дайындасын.

3. “Талғар аудандық жер қатынастары бөлімі” мемлекеттік мекемесі қолданылып жүрген есеп құжаттамаларына өзгертулер енгізісін.

4. Осы бірлескен шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

**Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы**

Әшімова С. О.

Аудандық мәслихат хатшысы

Ыдралиева Р. М.

Аудан әкімі

Өмірәлиев Т. Ә.